



ЕЛОРДА ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

БАБАЛАР АРМАНДАҒАН БАС ҚАЛА

4-БЕТТЕ



ДЕНСАУЛЫҚ

ҮЙДЕ ОТЫРЫП ҚАЛАЙ ЕМДЕЛЕМІЗ?

7-БЕТТЕ



ЗЕРДЕ

ҚЫТАЙҒА ЖЕТКЕН АЛАШ ҰРАНЫ

8-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ASTANA



№76 (4045) | Сейсенбі | 30 маусым 2020 жыл

AQSHAMY



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ коронавирус індетінің таралуына қарсы күрес шаралары жөнінде кеңес өткізіп, төтенше жағдай режимі тоқтатылғаннан кейін елімізде оның қайтадан белең алып бара жатқанына алаңдаушылық білдірді. Бұл көп жағдайда бірқатар мемлекеттік органдардың жұмысындағы кемшіліктерге байланысты екенін атап көрсетті. **2**

ІНДЕТПЕН КҮРЕС КҮШЕЙЕДІ

COVID-19 ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ӘКІМДІК САЙТЫНАН БІЛІҢІЗ

» Астанада тәулік бойы «қызу желі» жұмыс істейді. Уақытылы ақпараттандыру үшін елорда әкімдігінің сайты <http://covid19.astana.kz> парақшасы іске қосылды. Онда тұрғындар коронавирус инфекциясы туралы ресми мәліметтерді таба алады.

Парақшадан COVID-19 жағдайлары туралы соңғы жағдайымен, дүкендер мен басқа да сауда нысандарының, оқу орындарының, көліктің, діни мекемелердің (мешіттер мен шіркеулердің), мәдени және спорт мекемелерінің режимі мен жұмыс

жағдайлары туралы соңғы жаңалықтарды таба аласыз. Сонымен қатар, парақшада COVID-19 бар-жоғына тестілеуден қайда өтуге болатыны, зертханалардың мекенжайлары, оқшаулау режимінде өзін-өзі қалай ұстау

керегі, дәрігерлердің бақылауымен үйде емделу, дәріханада дәрі-дәрмектердің бар-жоғы туралы ақпарат бар.

Коронавирус бойынша «қызу желі» (тәулік бойы) – 76-80-43; 1406; 109. Жедел жәрдем – 103. Ерікті болу

– +7-701-356-22-96; психологиялық қолдау қызметі – 20-10-90, +7-771-996-09-27, +7-702-172-61-39; қан плазмасына донор болу – +7-771-377-91-10 (тіркеу), +7-702-091-18-60 (тіркеу), 54-32-38 (сенім телефоны).

Егер сіз жұмыссыз қалсаңыз, 57-88-88 нөміріне қоңырау шалыңыз, қажетті қызметтің нөмірін таңдаңыз – маманға хабарласыңыз. 29 маусымдағы жағдай бойынша Нұр-Сұлтан қаласында 3788 КВИ жағдайы тіркелді, емделіп шыққандар саны – 2721, ал өлім жағдайы – 61.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 450.82 \$ USD/KZT 401.87 ₸ RUB/KZT 5.79 ¥ CNY/KZT 56.79

www.astana-akshamy.kz

41870223050016

КАРАНТИНДІ КҮШЕЙТУДІ ТАПСЫРДЫ



➔ Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев коронавирус індетінің таралуына қарсы күрес шаралары жөнінде кеңес өткізді.

Бейне байланыс режимі арқылы өткізілген жиынға Үкімет мүшелері, бірқатар мемлекеттік органдардың басшылары, қалалар мен облыстардың әкімдері қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде дер кезінде жарияланған қатаң карантин шаралары уақыттан ұтып, эпидемияның қатты өршіп кетпеуіне мүмкіндік бергенін атап өтті. Өкінішке қарай, Төтенше жағдай режимі тоқтатылғаннан кейін барлық карантин шаралары босаңсып кетті.

– Биылғы 11 мамырда шектеулер алынғаннан кейін вирустың таралуы 7 есе өсті. Бұл көп жағдайда бірқатар мемлекеттік органдардың жұмысындағы кемшіліктерге байланысты болып отыр. Мемлекеттік басқару жүйесінің орталық және жергілікті органдары Төтенше жағдай режимі тоқтағаннан кейінгі кезеңде тиімді жұмыс істеуге дайын болмағанын атап өту қажет. Ведомствоаралық комиссия өзіне жүктелген міндетті атқаруға шамасы жетпеді. Мұны ашық мойындау керек. Денсаулық сақтау министрлігі орталық және жергілікті билік органдарының жұмысын үйлестіре алмады, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, жергілікті жерлерде тиісті жұмыстар дер кезінде атқарылмай, тиімділігі аз шаралардың қабылдануы салдарынан еңбек ұжымдарында, ірі өндіріс орындарында жаппай вирус жұқтыру ошақтары пайда болды. Атырау облысындағы Теңіз кен орны індет жұқтырудың орталығына айналды. Онда дертке шалдыққан 1222 адам тіркелді. Алматы қаласында тұрғындардың ғана емес, медицина қызметкерлерінің арасында да

науқастанғандар өте көп. Елордадағы көптеген мекемелер карантин жағдайының өзінде санитарлық талаптарды сақтамаған. Өңірлердегі ауруханаларда науқастар жататын орындар, медицина кадрларына, дәрі-дәрмекке, медициналық құрал-жабдықтарға тапшылық қатты байқалады.

– Жұмысына салғырт қарағаны үшін Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлгіновке, Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаевқа ескерту жасаймын. Шымкент қаласының әкімі М.Әйтемовке, Ақтөбе облысының әкімі О.Оразалинге, Павлодар облысының әкімі Ә.Сқақовқа және Ведомствоаралық комиссияның төрағасы Е.Тоғжановқа сөгіс жариялаймын. Атырау, Қостанай, Батыс Қазақстан облыстарының әкімдеріне өңірлердегі ахуалды реттеу қажеттігін ескертемін. Аталған мәселе барлық облыстың басшыларына да қатысты. Тиімді ақпараттық жұмыстың өз деңгейінде жүргізілмеуі де жағдайды ушықтыра түсуде. Біздің халықпен арадағы диалогымыз өз деңгейінде нәтиже бермеді. Ақпараттар легі теріс пікірлердің ықпалында кетіп, дәрігерлердің ерлікке пара-пар еңбектері көрінбей қалды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Асқар Жұмағалиевке цифрландыру саласындағы жұмыстарға салғырт қарағаны үшін ескерту берілді.

Мемлекет басшысы Ведомствоаралық комиссияның шұғыл әрі қатаң үйлестіру жұмыстарын қамтамасыз етуге, оның орындалуына мониторинг жүргізу және бақылауға қауқарсыз болып отырғанын айтты.

– Пандемиямен күрес жөніндегі барлық шешімдерді, оның әлеуметтік және экономикалық теріс әсерлерін жоюды Премьер-Министр басшылық ететін тиісті Мемлекеттік комиссия аясында пысықтауды тапсырамын. Мемлекеттік комиссия ең маңызды деген ресурстардың таралуын бір орталықтан бақылауды қамтамасыз етуі тиіс. Қазіргі эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру үшін шұғыл шаралар қабылдау мақсатында Мемлекеттік комиссияға екі күннің ішінде биылғы наурыз-мамыр айларындағыдай қатаң карантин режимін енгізу мәселесі бойынша маған ұсыныс әзірлеп, енгізуді тапсырамын, – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев лабораториялық зерттеулердің тиімділігін арттыруды, реагенттер мен жұмсалатын материалдардың үздіксіз жеткізілуін шешуді, ПТР-лабораториялардың саны мен қуаттылығын арттыруды тапсырды.

– Тұрғындардың лабораториялар маңындағы кезектің көптігіне, санитарлық нормалардың сақталмауына қатысты шағымдануы әділетті. Мұның бәрі тікелей ауру жұқтыру қаупін күшейтеді. Сондықтан вирус жұқтырудың алдын алу және бір орталықтан таратуды қамтамасыз ету, сондай-ақ, есепке қою мақсатында ПТР сынамаларын тапсыруды онлайн жазылу немесе Call орталық арқылы жүргізу қажет. Індет ошақтарындағы жұмыстар үшін, әсіресе ауылдық жерлерде мобильді лабораторияларды ұйымдастыру және мобильді қызметті одан әрі дамыту үшін қаржы бөлу аса маңызды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтарды қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіп, емдеудің маңыздылығын атап өтті. Осы

ретте проблемаларды шешу үшін Үкімет пен өңірлердің әкімдеріне барлық қаржылық және инфрақұрылымдық ресурстарды жұмылдыру тапсырылды.

– Пандемияның екінші толқынын ескере отырып, шілденің соңына дейін жұқпалы дертке шалдыққандарға арналған төсек орындарын 50 пайызға арттыруды тапсырамын. Бұл үшін өңірлер барлық резервті, соның ішінде, жеке және ведомстволық медицина орталықтарын пайдалануы керек. Үкіметке дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету мәселесін бес күннің ішінде шешуді тапсырамын, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік органдардың коронавирусқа қарсы күрес жөніндегі жүргізіп жатқан ақпараттық жұмыстарының маңыздылығын айрықша атап өтті. Оның айтуынша, бұл жұмыс бастапқы кезеңде жақсы ұйымдастырылды. Бірақ мемлекеттік органдар соңғы кезде бұл істі босаңсытып жібергендей әсер қалдырады.

– Әкімдер мен министрлер қарапайым халықпен байланыс орнатуды қойды. Олардың арыз-шағымдарына дер кезінде жауап бермейді. Сондықтан тұрғындардың көпшілігі қайда барарын білмей, торуғуда. Өкілетті қызмет орындарынан дұрыс жауап ала алмаған тұрғындардан шағымдар көп түсіп жатыр. www.coronavirus2020.kz сайтына қырық мыңға жуық сұрақ келіп түсті. Қазіргі таңда оның үштен біріне ғана жауап берілді. Мұндай қарым-қатынастың нәтижесінде теріс әрі жалған ақпараттар өршіп тұр. Бұл біздің жұмысымызды одан сайын қиындатуда, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті ақпараттық жұмыстарға қатысты тәсілді түбегейлі өзгерту қажет екенін айтты. Жауапты тұлғалар

өткізетін тұрақты брифингтерді жолға қойып, індет жұқтырған кездегі іс-әрекеттердің алгоритмі жөнінде халықты нақты әрі сапалы ақпаратпен қамтамасыз ету жөнінде тапсырма берді.

– Телеарналарда тікелей эфир арқылы дәрігерлерден кеңес алып, тұрғындардың сұрақтарына нақты жауап беретін бағдарламалар ұйымдастыруға не кедергі? Азаматтарға емделудің протоколы мен алгоритмін жеткізу керек. Дәрі-дәрмектер мен оны пайдалану жөнінде түсіндіру қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Әкімдер мен министрлерге бюджетті қайта қарау және конференция, дөңгелек үстел, салтанатты шаралар, консалтингтік және PR-қызмет секілді қажетсіз шығындардан бас тарту жөнінде тапсырма берілді. Бұл қаржының барлығы эпидемиямен нақты күреске бағытталуы керек. Сонымен қатар Мемлекет басшысы бағаны тұрақтандыруға, азаматтарды қажетті азық-түлікпен, жұмыспен қамтамасыз етуге, экономикалық белсенділікті арттыруға және цифрлық технологияны дамытуға қолдау көрсету қажеттігін атап өтті. Экономикалық өсімді қайта қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспар жүйелі әрі толыққанды орындалуы тиіс. Бұл мәселе әрбір әкімнің ерекше бақылауында болуы қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметті шұғыл шаралар қабылдаймын қатар, коронавирус пандемиясының ұзаққа созылуына дайын болуға шақырды. Осыған байланысты орта мерзімді перспективаға арналған қазақстандықтардың өмірі мен денсаулығын сақтау жөніндегі ұлттық жоспарын әзірлеуді тапсырды.

– Иә, бұл – қауіпті ауру. Оны емдейтін вакцина әлі жасалған жоқ. Бірақ оны қауіпті екен деп байбалам салып, үрейге бой алдырмау керек. Сондай-ақ жөніз әрекетке барып, дәрігерлерге тіл тигізіп, санитарлық режимді бұзуға жол берілмейді. Ал науқастанып қалғандар сарыауымға, пессимизмге салынбағаны жөн. Ем алумен қатар, ағзаның күші, адамның көңіл-күйі оның құлантаза айығып кетуіне ықпал етеді. Денсаулық сақтау министрлігі және санитарлық дәрігерлердің ұсынымдары мен талаптарын естен шығармауды сұраймын. Мұның бәрі мемлекеттің ең басты игілігі – сіздердің, Қазақстан Республикасы азаматтарының өмірі мен денсаулығын қорғауға арналған, – деді Мемлекет басшысы.

Кеңес барысында Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев, Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтемов, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметов сөз сөйледі.

➔ АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

■ НҰР-СҰЛТАН

Ұлттық банк Алматыдан елордаға көшті. Сонымен қатар Алматы қаласындағы Әйтеке би, 67 мекенжайында Ұлттық банктің тұрақты өкілдігі ашылды. Өкілдік ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы, Қаржы нарығының субъектілері және халықаралық қаржы институттарымен тығыз өзара әрекеттестікті жалғастырады.

■ ШЫМКЕНТ

Шымкентте жеңіл атлетикалық спорт кешені госпитальға айналды. Қазір мекемеде дайындық жұмыстары жүргізіліп, 150 төсек қойылды. Алдағы уақытта олардың санын 450-ге дейін жеткізу көзделіп отыр. Онда жіп респиаторлық вирустық инфекция жұқтырғандар мен өкпесі қабынған науқастар емделетін болады. Сонымен қатар күндізгі стационар 2 мектеп пен 51 емдеу мекемесінде ашылмақ.

■ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Биыл Бескөл ауылының 80 үйі орталық жылу жүйесіне қосылады. Ауылдағы орталық қазандық та күрделі жөнделді. Қазіргі уақытта орталық қазандыққа 46 нысан, оның ішінде 15 көпбөлімді тұрғын үй қосылды. Сонымен қатар тағы 34 тұрғын үйді қосу жоспарланып отыр.


■ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Өсек су бөгетінде күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Бұл гидрологиялық нысан өткен ғасырдың 70-жылдары салынған. Содан бері жөндеу көрмеген. Соңғы 10 жылда өңірде үш рет сел жүріп, абырой болғанда, бөгет оған шыдап берді. Сондай-ақ алдағы уақытта Панфилов ауданындағы 26 су арнасын қайта жөндеуден өткізу жоспарланып отыр.

■ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Облыстағы барлық қала мен аудандардағы пульмонологиялық провизорлардағы орындардың санын арттыру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, Бейнеу ауданының орталығында – 55, ал Жаңаөзенде 75 орындық провизорлық орталық ашылды. Мәселен, Бейнеу ауданының пульмонологиялық провизор орталығы іске қосылды.

СИМПТОМСЫЗ НАУҚАСТАР БАҚЫЛАУДА БОЛУ КЕРЕК



» Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов емханалардың бас дәрігерлері мен фармацевтикалық компаниялардың басшыларымен онлайн-кездесу өткізді.

Әкім осы жүздесуде дәрігерлерге бірқатар міндеттер қойды.

«Біріншіден, пациенттермен кері байланысты күшейту. Әрбір симптомсыз науқасты бақылауда ұстау. Егер

симптомдар анықталса, науқас ауруханаға жатқызылады. Дертті симптомсыз тасымалдаушылар өзін-өзі оқшаулауы керек. Сыртқа шығуға болмайды.

Екіншіден, барлық зертханалардың,

емханалардың және стационарлардың базаларын бірыңғай базаға біріктіру үшін жұмыс істейміз. Мысалы, науқастың ПТР-тесті оң нәтиже көрсетсе, дерек ол тіркелген емханаға тікелей түседі. Әрі қарай дәрігер алгоритмге сәйкес науқаспен жұмыс істейді.

Үшіншіден, жедел жәрдем стансалары телеграм-боттың (@ns103bot) сапалы жұмысын қамтамасыз етуі керек. Ол арқылы қала тұрғындары жедел жәрдем шақыра алады, сондай-ақ Call орталықтың жұмысын қамтамасыз етуі маңызды. Ахуал орталығы жұмысын күшейтеді. Науқастар топталып қалмау үшін қызметкерлер КВИ бар науқастарды стационарларға таратады.

Төртіншіден, фармкомпанияларға қысқа мерзімде қаланың дәріханаларына медициналық дәрі-дәрмектерді жеткізу тапсырылды. Өз тарапымыздан қажетті көмек көрсетеміз: логистикалық мәселелерді шешіп, дәрі-дәрмектерді сатып алуға жеңілдетілген несиелер беру және т. б.» деді А.Көлгінов өзінің Instagram парақшасында.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

» Жақында бір топ жас белсенді ірі қалаларда көлік жылдамдығын сағатына 30 км-ге дейін шектеуді ұсынды. Ұсыныста «Қазіргі уақытта коронавирус жұқтырған науқастарды таситын көліктердің жүктемесі 90 пайыздан асатын қалаларда автокөлік жылдамдығын сағатына 30 шақырымға дейін төмендетуді және мұның камера арқылы қадағалануын ұсынамыз. Бұл – Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары үшін аса қажет шара, себебі тұрғындар медициналық көмекті уақытында алуы тиіс» делінген.

ОТЫЗБЕН ТЕПЕҢДЕП ЖҮРЕМІЗ БЕ?



Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Сонымен қатар, қоғам белсенділері әлемнің көптеген қалаларында эпидемияға байланысты рұқсат етілген жылдамдық шегі өзгертілгенін айтып, «Вашингтонда 2020 жылдың 1 маусымынан бастап жылдамдық сағатына 20 миляға (32,19 км/сағ) шектелді. Жаңа Зеландияның Окленд қаласында көлік жылдамдығы 30 км/сағ-қа дейін төмендетілді. Парижде де осы мәселе қарастырылып жатыр» деген мысал келтіріпті. Ең қызығы, әлеуметтік желіні ақтарып отырып, белсенділер мысалға келтірген қалалардың көлік жылдамдығын төмендетуі індеттің таралуына қатыссыз екенін байқадық.

Жас белсенділер де ұсыныс айтқанның жөні осы деп қаладағы көлік қозғалысы жағдайына үйлеспейтін мәселені көтеріп отырғандай. Біріншіден, қалада көлік қозғалысы қарқынын қалыптан тыс төмендету онсыз да иін тіресіп тұратын көлік кептелісін тіпті көбейтеді. Екіншіден, көліктердің ортаға залалды жарақсыз газды ығыстыру мөлшерін арттырады. Үшіншіден, экономикалық тұрғыдан алғанда өнімділікті төмендетеді. Жүргіншілер баратын жеріне уақытында жетуі үшін бір сағат бұрын жолға шығады. Оның үстіне, жеңіл машинаның жылдамдығымен қатар автобустардың да жылдамдығын төмендетсе, онда жүргіншілердің көлікте отыратын уақыты ұзарады да, індет жұғу мүмкіндігі де артады. Ал автобустың қарқыны баяғы қалпында қалса, онда «өгіз аяңмен жүретін» жеңіл машинадан автобус тез болады да, қоғамдық көлікте жолаушы шоғыры молаяды. Демек, бұл шараның індеттің алдын алуға түк те пайдасы тимейді, керісінше, үдетеді.

Көлік жылдамдығын сағатына 30 км-ге шектеу карантин кезінде қоржыны өспей қалған бюджеттің бір бұрышын толтырудан басқа ештеңе емес секілді. Егер белсенділер шынымен де індет таралуының алдын алуға пайдалы ұсыныс тастағысы келсе, Қытай мен Еуропаның ірі қалаларында велосипедпен жүретіндердің күрт көбейгенін неге айтпайды?! Өкінерлігі, ортаға залалсыз, денсаулыққа пайдалы, кептеліске ұшырамайтын осы көлік түрі Қазақстанда кеңінен қолданысқа енбей тұр. Ендеше былғайдай жағдайда қоғамдық көліктердегі адам шоғырын азайту үшін великпен жүруді неге насихаттамасқа?! Ақылы велосипедтерді қаңтарып қойғанша, биыл бір жыл жүргіншілерге арзанға немесе тегін пайдалануына берсе, індеттің қаупін сәл де болса азайтар еді. Жұрттың да велосипедпен жүруге бойы үйренер еді...

ҮЛЕСКЕРЛЕР ҮЙІНЕ КІРЕДІ

» Елорданың «Қорғалжын орамы» тұрғын үй кешенінде құрылыс жұмыстары қайта жанданды. Сондай-ақ «Триумф Есіл-2» мен «Тұран-Сығанақ» нысандарында құрылыс жұмыстары келесі айда, шарттарға қол қойылғаннан кейін басталады. Жалпы, биыл бас қалада 8 мың үлескері бар 20 үйдің тұрғындары пәтер кілтін алады.



– Әрбір үлестік құрылыс нысаны бойынша жұмыстар атқарылып жатыр. Үлестік құрылыс – күрделі мәселенің бірі. Кей үйлерде қазаншұңқыр ғана болса, кейбіреуінің үй қаңқасы ғана бар. Бірақ әрбір нысан бойынша қадамдық іс-шаралар жоспары бар. Бүгін «Қорғалжын орамы», «Триумф Есіл-2» мен «Тұран-Сығанақ» нысандарына бардым. Инвесторлар анықталды, – деді қала әкімі Алтай Көлгінов.

Жалпы, биыл өткен жылмен салыстырғанда екі есе көп үй салынып, пайдалануға берілмек.

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

НАЙЗАҒАЙ ОЙНАЙДЫ

» «Қазгидромет» алдағы үш тәулікте Қазақстанның басым бөлігінде жаңбыр жауатынын хабарлайды.

Болжам мәліметі бойынша 30 маусым мен 2 шілде аралығында Қазақстанның басым бөлігіне Оңтүстік Каспий циклоны әсер етіп, күн күркіреп, жаңбыр жауады. Орталық аймақта кей жерлерде қатты жаңбыр күтіледі, бұршақ жаууы мүмкін. Кей жерлерде жел күшейіп, жекелеген аудандарда дауыл соғады, оңтүстікте шанды дауыл болады деп күтілуде.

Ал бүгін күндіз Нұр-Сұлтан қаласында найзағай ойнайды. Оңтүстік-шығыстан соғатын желдің жылдамдығы 15-18 м/с-ке күшейетіні ескертіледі.



■ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Балқаштың демалыс орындарына апаратын жолдар жөнделуде. Атап айтқанда, Шұбар-Түбек кентінде, «Балдәурен» шипажайына кіреберісте, Бертис шығанағындағы демалыс аймақтарына апаратын учаске және Балқашқа кіреберістегі көпірде 24 шақырым асфальт жаңартылды. Торанғалық кентіндегі жолдар орташа жөнделуден өтті. Жалпы, өңірде 1,3 шақырым жол жабыны ауыстырылады.

■ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Биыл облыста «Ауыл – ел бесігі» мен «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында 3 мектеп салынып, 30 білім ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Қарасу ауылындағы апатты жағдайда тұрған білім ошағының орнына таяуда мемлекеттік тілде оқытатын 320 орындық жаңа мектеп құрылысы басталады.

■ ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Аймақта 100 мыңнан аса оқушы жазғы демалыспен қамтылады. Биыл ұйымдастырылатын демалыс, сауықтыру және бос уақытты қамтумен 105 мыңнан аса оқушыны немесе 1-10-сынып оқушыларының жалпы санынан 99,9 пайызын қамту жоспарланып отыр. Сонымен қатар 5587 оқушы еңбек лагерімен қамтылады.



БАБАЛАР АРМАНДАҒАН БАС ҚАЛА

» Бүгінгі күндей жайнап, жарқыраған астанамызды Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзі таңдап, өзі негізін қалап, өзі іргетасын салып, туған халқына, ұрпақтарына мәңгілікке мұра ретінде қалдырып отыр. Ол – ақиқат. Қайнаған қазанның ішінде, тарихи оқиғалардың эпицентрінде белсенділікпен тыңғылықты жұмыс істегендіктен болар, жаңа елордамиздың тәй-тәй басқан әрбір қадамы, Астана қаласының негізін қалаушы, оның бас архитекторы Н.Ә.Назарбаевтың жанқиярлық еңбектері жүрегімізде сақталған, күні кешегідей көз алдымда.

...1999 жылдың 19 мамырында қаланың оңтүстік-шығыс аймағында жаңа саябаққа ағаштар отырғызу жұмыстары ұйымдастырылды. Дәл сол күні Нұрлан Балғымбаев басқарған Үкімет отставкаға кетіп, орнына Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған жаңа Үкімет құрамы сайланды. Жаңа бақты салуға Елбасы өзімен бірге жаңа тағайындалған Үкімет мүшелерін, министрлерді, Парламенттің қос палатасының депутаттарын, қала басшыларын ертіп келді. Нұрсұлтан Әбішұлы өз қолымен жас тал отырғызып, оған су құйды. Сәлден кейін Президентті журналистер қауымы қоршап алып, сұрақтар қоя бастады. Мен қала басшысының баспасөз хатшысы ретінде бұл брифингті жүргізіп тұрдым. Елбасы жаңа саябақтың жас астанамыз секілді жасыл желекке бөленіп, адамдар демалатын, балалар асыр салып ойнайтын құтты мекенге айналатынын тілге тиек етті. Кенеттен журналистердің бірі тосын сұрақ қойды: «Саябақ қалай аталатын болады? Оның аты бола ма?»

– «Әрине, болады. Сендер ұсыныс жасаңдар» деп Мемлекет басшысы әлгі сұрақ қойған журналистерге қарады. Сауал қойғанмен, ондайды күтпеген бауырымыз жауап қатуға мұршасы болмай, абдырап қалды. Пауза болдырмау үшін әңгімеге мен араластым: «Нұр-аға! Сіз бірінші талын отырғызған саябаққа «Жерұйық» деген ат лайық сияқты? Солай атасақ қалай болады?».

Елбасыға ұсынысым бірден ұнады: «Дұрыс ұсыныс».

– Біздің абыз бабамыз, философ, жиһанкез, аты аңызға айналған Асан қайғы осы Сарыарқаны таңдап, «Жерұйық» жер деп атаған. Мен қолдаймын. Мен қолдаймын, – деп Нұр-аға екі мәрте қайталады.

Президент менің идеямды, ұсынысымды қолдады! «Еуразия» сауда орталығының жанындағы саябақ сол сәттен бастап «Жерұйық» деп аталды. Бұл мысал біздің Президентіміздің өзіндік сипатын, оның демократияшылығын, кез келген игі бастаманы, идеяны қолдайтынның дәлелдейді.

Бір қарағанда жай ғана елеусіз жағдай секілді. Шын мәнінде, бұл мысал біздің аса құрметті Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы көп нәрсені аңғартып тұр.

Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси көрегендігі, батылдығы және қай істе де терең ойлайтындығы туралы айтқанда, Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдыз» атты романындағы бір эпизод еріксіз еске түседі.

«Абылай хан жетпіс жасқа келгенде ауырып қалады, өзіне сенімді Бұқар жырауды шақыртады.

– Орындалмаған армандарыңыз бен ниеттеріңіз бар ма? – деп сұрады қарт данышпан. Абылай өкіне отырып, былай деді:

– Көп қан төгілді, егер мен оны төкпегенде, онда оны менің жауларым төгер еді;

Менің халқым Жер-анаға бетімен бұрылып үлгермеді, мен қала тұрғызып үлгермедім;

Халықты біріктіріп үлгермедім, онда жікшілдер көп болып шықты...».

Осы диалог болған уақыт пен қазіргі уақыт арасына параллельдер жүргізуге бола ма екен? Парасатты сана мұндайдың әбден мүмкін екендігін айтады. Мүмкін, Абылайдың ежелгі армандарының Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың нақты істерінде көрінуінің себебі осы шығар. Себебі ол өзінің ерен де ерекше қабілетімен, көрегендігімен, күш-жігерімен, парасаттылығымен және үлкен стратег басшы ретінде сан ғасырлық тарихи бар өз халқын тұңғыш рет біртұтас ел ретінде біріктіре алды және Есіл өзенінің жанынан, су жаңа елорда – Астана қаласын тұрғызды. Абылай ханның арманын жүзеге толығымен асырды.

Өз тарихында бүгін біз тұратын қаланың атауы бірнеше рет өзгерді: 1830-1832 жылдары – Ақмола; 1832-1961 жылдары – Ақмолинск; 1961-1992 жылдары – Целиноград; 1992-1998 жылдары – Ақмола, 1998 жылдан бастап Астана деп аталса, 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласы болып өзгерді.

Қазір біздің астанамыз мінсіз және бірегей. Оңтүстік пен солтүстікті, шығыс пен батысты біріктіретін жолдар тоғысындағы астана Еуразия жүрегі болды. Ол уақыт өткен сайын таңғаларлықтай өзгеріп отырады. Мұнда дүние жүзінің үздік архитекторлары орасан зор жобаларын жүзеге асыруда, астананың қайталанбас бейнесін жасауда өздерінің керемет ой-жоспарларын жүзеге асыруда.

Астананың атауын өзгертуге байланысты тағы да бірнеше мысалдар айта кеткім келеді. Менің ойымша, Ақмола облысының (Ақмола облыстық орталық болған) бұрынғы әкімі Андрей Браунның «Менің өмірім» кітабынан алынған еске алулары өте қызықты: «Нұрсұлтан Әбішұлы бізде жиі болатын. Осы жолы да тікұшаққа отырып, қаланы және оның аймағын бірнеше рет айналып шықты, қаланы тұщы сумен қамтамасыз ететін «Вячеслав» су



Қазір біздің астанамыз мінсіз және бірегей. Оңтүстік пен солтүстікті, шығыс пен батысты біріктіретін жолдар тоғысындағы астана Еуразия жүрегі болды. Ол уақыт өткен сайын таңғаларлықтай өзгеріп отырады. Мұнда дүние жүзінің үздік архитекторлары орасан зор жобаларын жүзеге асыруда, астананың қайталанбас бейнесін жасауда өздерінің керемет ой-жоспарларын жүзеге асыруда.

қоймасын қарап шықты. Ерейментау тауларына қонды. Табиғат сұлулығына тамсана отырып тау бөктерлерінен ұзақ жүрді, таудың керемет таза ауасымен тыныс алды. Сәлден кейін Нұрсұлтан Әбішұлы осы келуінің құпиясын ашты:

– Астананы ауыстырмақ ойым бар, міне, сол үшін әр жерге бір барып қарап жүрмін. Сенің қалаң барлығыңда да қолайлы: Қазақстанның орталығы, ірі темір жол торабы, мұнда барлық жақтың жолдары тоғысады, оңтүстіктен де, батыстан да, барлық облыстармен әуе байланысы да бар. Барлық баптар бойынша, ең дұрысы осы жер. Министрліктер мен ведомстволарды жайғастыру да басқа жерге қарағанда, осы жерде жеңіл болады деп ойлаймын, өйткені бұл жерде өз уақытында өлке басшылары орналасқан болатын. – Ол әңгіменің соңында бұл туралы әзір тіс жармауымды ескертті.

– Мәселіміз әлі шешілген жоқ, барлығын жақсылап саралау қажет. Парламент келісімі мен қаражат қажет.

Кейін ресми шешім шықты, Парламент астананы ауыстыруға келісім берді және министрліктер мен ведомстволарды жайғастыру бойынша жұмыстары басталып та кетті. Бұл кезең мен үшін, ерқашан тіл табысып отыратын қала әкімі Аманжол Белекбаев үшін және біздің көмекшілеріміз үшін жауапты әрі қиын кезең болды. Барлық министрлер, басқа да республикалық басшылар жақсырақ үлкенірек, қала ортасынан және Президент резиденциясына жақынырақ ғимараттар сұрай бастады, сұраныстарын қанағаттандырмасаң өкпелейді. Кейінірек астананы көшіру жұмыстары бойынша Фарид Галимов министр болып тағайындалды. Біздің жүгіміз айтарлықтай жеңілдеді, ол барлық мәселелерді оңтайлы шешті. Ал жалпы, астананы көшіру стратегиясын Президенттің жеке өзі белгілеп отырды».

Ақмолаға басқа ел президенттерінен алғашқылардың бірі болып Қырғызстан президенті Асқар Ақаев келді. Бұл Нұрсұлтан Назарбаевтың Ақмола қаласының атауын өзгерту жөніндегі идеясын саралап жүрген кез еді.

Ақаевтың Ақмолада болу бағдарламасы қысқа еді. Қырғызстанның болашақ елшілігі орналасатын ғимараттың алғашқы кірпішін қалағаннан кейін, «Еуразия» университетінде студенттермен және оқытушылармен кездесу өтті. Ақаев өзінің сөзінде Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейінгі егемен

елдердің экономикалық даму мүмкіндіктері, орта және жоғары білім және т. б. мәселелер туралы айтты. Сөзінің соңында былай деді:

– Ұшақта отырғанда Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің құпиясымен бөлісті: болашақ астанаға «Қазақстан» атауын бергісі келеді. Дүние жүзінде мұндай мысалдар бар, мысалы, Бразилияда мемлекет пен астананың атауы бір, 1960 жылы президент Кубичектің шешімі бойынша жаңа астана салынды – Бразилия қаласы, қала орналасатын жер ретінде елдің ең кедей, құрғақ ауданы таңдалды.

Осы уақытта Назарбаев оған мынадай ілікпе сөз айтты:

– Асқар, енді мен саған құпиямды айтпайтын боламын!

– Кешірім өтінемін, Нұрсұлтан Әбішұлы, бірақ осындай оңтайлы жер және сіздің идеяңыздың маған ұнағандығы соншалықты, тіпті мен айтпасақ шыдамадым.

Астананы ауыстыру туралы түбегейлі шешім қабылданар кезде оның қаншалықты мойындалғандығын анықтау қиын екендігін дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отыр. Біраз уақыт өткеннен кейін ғана осы қадамның дұрыс-бұрыстығы анықталады. Король екінші Филипп өзінің әкімшілік аппаратын Мадридке мамыржай жылдары жай ауыстырған жоқ. Ол Бургас, Вальядолид және Дон Кихоттардың

отаны Толедо секілді астаналық қалаларын тастап, мемлекет орталығын көшірді. Үндістан өз астанасын Калькуттадан Нью-Делиге көшірді. 1923 жылы Түркия астанасын Стамбулдан – Анкараға, Пәкістан 1971 жылы алты миллион халқы бар қала Карачиден тұрғыны жеті жүз мың Исламабадқа ауыстырды. Қытай өз астанасын алты рет өзгертті. Сонымен қатар, әлі бірде-бір мемлекет өзінің астанасын ауыстырғаннан кейін бұрынғы астанасына қайта оралған емес. Бір ғана ерекше жағдай – екі ғасырдан кейін Ресей астанасының Петербургтен Мәскеуге ауысуы.

1996 жылдың қаңтар айында Азия, Африка және Еуропаның жетекші архитекторлары астана бас жоспарының жобасын талқылау үшін жиналды. Олар астананың территориялық дамуының құрылыстық тұжырымдамасын қарап, өздерінің ескертулерін айтты. Астананың ең үздік бас құрылысы байқауында Малайзия мен Латвия Америкасында бірқатар жобаларды жүзеге асырған танымал жапон сәулетшісі Кисё Курокава жеңіп шықты. 1998 жылдың 10 маусым күні тәуелсіз Қазақстанның елордасы ретінде Астана қаласының халықаралық тұсаукесері дүркіреп өтті. Мен соның жуан ортасында болған куәгерлерінің бірімін.

Думан-той бағдарламасына сәйкес, астананың тұсаукесеріне келген президенттер «Мемлекет басшылары аллесаының» бірінші талдарын отырғызды. Президентіміз болашақ «Отан қорғаушылар» монументінің тасын қалады. Ал түнде тұсаукесер тойының шарықтау тұсында Нұрсұлтан Назарбаев ғарышкер Талғат Мұсабаевпен сөйлесіп, ғарышта ұшып жүрген оған былай деді: «Сен бір табан жақын жүрсің ғой. Алла Тағаладан біздің жас елордамиз – Астана қаласы мен туған халқымызға сәттілік тіле. Жаратушы иеміз бізге оң батасын берсін» деп тілек айтты. Сол сәтте бүкіл әлем, барлық қазақстандықтар ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен ғарышкер Талғат Мұсабаевтың дуэтпен айтқан өлеңін естіді. Ол бір мезгілде бүкіл жер шарында және ғарыш кеңістігінде айтылған жеңіс өлеңі болды. Дәл осындай керемет оқиға бұрын-соңды еш жерде ешқашан болған емес.

Астана күні құтты болсын! Өсе бер, өрлей бер, елорда!

**Сәдібек ТҮТЕЛ,
ҚР еңбек сіңірген
қайраткері, жазушы**

Гүлжан
АБАЙҚЫЗЫ

Академиялық еркіндікке негізделген Қазақстандағы ең алғашқы білім ордасы – Назарбаев университетіне биыл 10 жыл. 2010 жылы Елбасының өзі негізін қалаған Назарбаев университеті – әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналуы көздейтін еліміздегі бірегей оқу орны. Әрине, 10 жыл аз ғана уақыт болғанмен, білім көкжиегіне соны жолмен қосылған оқу орны біраз жетістікті бағындырып үлгерді. Мерейтой қарсаңындағы басты жаңалық – биыл университет студенттерге биомедицина, білім беру, биотехнология және басқа да басым және сәйкес мамандықтар бойынша тереңдетілген зерттеулер жүргізе алатын жаңа докторлық бағдарламаларды іске қосты. Жалпы алғанда, соңғы 10 жыл ішінде университет 5000-нан астам жоғары білікті кадрларды шығарды, олар қазір тек Қазақстанның ірі компаниялары мен өндіріс орындарында ғана емес, сонымен қатар Apple, Google, Facebook, BMW, Booking.com сияқты әлемге әйгілі корпорацияларда жұмыс істейді.

Тағы бір қызықты әрі құнды ақпарат оқу орнының ғана емес, технологияның жемісті ісі болмақ. Назарбаев университетінің «ақылды» жүйелер мен жасанды интеллект институтының ғалымдары сөз тану, сөз синтезі және тағы да басқа технологияларын қазақ тілінде қолдану үшін қазақ тіліндегі дауыстық деректерді жинауды бастады. Бұл технологиялар Siri, Alexa және Cortana сияқты танымал виртуалды ассистенттерде қолданылады. Болашақта осы деректер жиынтығы қазақ тілінде басқа бағдарламалар/қосымшалар жасау үшін пайдаланылатын болады.

Биыл маусым айының ортасында Назарбаев университетінде түлектерге диплом тапсырудың виртуалды рәсімі өтті. COVID-19 пандемиясына байланысты салтанатты рәсім алғаш рет цифрлық форматта ұйымдастырылды.



БІЛІМ БЕРУ ФЛАГМАНЫ

» Оқу – ойдың азығы, білім – ырыстың қазығы. Ал XXI ғасыр – білімнен қуатты күш жоқ екенін түсінетін және біліммен қаруланған адам жеңілмейтінін мойындайтын уақыт. Осыдан 10 жыл бұрын еліміздің ғана емес, әлем елдерінің білімділеріне есігін айқара ашқан Назарбаев университетін жыл сайын мыңнан аса түлек бітіреді. Олар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына барынша үлес қосуда. Тіпті таңғажайып жаңашылдықтарымен елімізді әлемге танытып жатқан студенттер де бар.

Университеттің негізін қалаушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің құттықтау сөзінде университеттің бірінші онжылдықтағы елеулі жетістіктерін атап өтті. Ол әйгілі университеттерде әрі қарай оқуларын жалғастырған және жетекші отандық, трансұлттық корпорацияларда жұмыс жасаудағы жетістіктерімен кеңінен танымал болған түлектердің дайындық деңгейіне жоғары баға берді.

Айта кетейік, биыл университетті 1051 студент бітірді, оның ішінде 618 бакалавриат, 433 магистратура және докторантура бағдарламаларының түлектері бар. Өзгесін айтпағанда, осы жылы инженерия және цифрлық ғылымдар мектебі 9 PhD докторын, ал медицина мектебі медицина докторы (MD) мамандығы бойынша 28 студентті оқытып шығарды.

Естеріңізге сала кетейік, Назарбаев университетінің мектептері әлемнің жетекші жоғары оқу орындарымен,

оның ішінде АҚШ, Ұлыбритания және Сингапур университеттерімен әріптестікте әзірленген бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша білім береді.

Тиімді академиялық ортаны құру және елдің адами капиталын дамыту мақсатында АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Греция, Италия, Оңтүстік Корея, Ресей, Австралия, Үндістан және т. б. әлемнің 50-ден астам елдерінен 543 адамнан тұратын үздік зерттеуші және халықаралық профессорлар университетке студенттерді оқыту үшін тартылған.

Медицина ғылымдарының докторы Алмагүл Күшүғолованың жетекшілігімен NLA ғалымдары әзірлеген сапалы, ұзақ өмір сүруге арналған өнімді өндіріске енгізу жөніндегі «НӨР» синбиотигі жобасы Ғылым қоры ғалымдарының таңдаулы 30 командасының қатарына енді.

Естеріңізге сала кетейік, «НӨР» синбиотигі – бұл бірқатар бірегей қасиеттері бар, оның ішінде иммуни-

тетті арттыратын және белсенді ұзақ өмір сүруге ықпал ететін алғашқы функционалды тамақ өнімі. Бұл өнім қант диабеті, артериалды гипертензия, семіздік, метаболикалық кардиоваскулярлық синдромы сияқты бірнеше ауруларға тиімді екен. Сондай-ақ онкологиялық аурулардың, оның ішінде колоректалды обырдың алдын алу кезінде де таптырмайтын шипа. Бұл тамақ өнімдері – өнеркәсіп өндірісінің отандық нарығына шыққан Қазақстан ғылымының алғашқы және бірегей өнімі. Сөйтіп Назарбаев университеті ғалымдарының жобасы таңдаулы ТОП-30 командалардың қазақстандық рейтингіне енді.

Университет ҚР БҒМ балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің құрамына ұсынылған, Қазақстанның жоғары оқу орындары үшін ағылшын тілінде техникалық бейіндегі 10 білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысты. 2013 жылдан бастап ұлттық және мемлекеттік

жоғары оқу орындарының 300-ден астам топ-менеджерлері НУ жоғары білім беру мектебі ұйымдастырған жоғары білім берудегі трансформацияның кешенді процесін басқару бойынша басшыларға арналған біліктілікті арттыру курстарынан өтті. 2016-2017 жылдары медициналық жоғары оқу орындарының басшыларына арналған кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үш айлық курсы ұйымдастырылды.

Жыл сайын Назарбаев университеті жоғары білім беру көшбасшыларының Еуразиялық форумын өткізеді, оның аясында жоғары білім беру жүйесін дамытудың өзекті мәселелері талқыланады, семинарлар, мастер-класстар, жоғары білім беру саласындағы сарапшылар арасында пікір алмасулар өткізіледі. Бірінші форум 2011 жылы өтті. Ал былтыр өткен форумға Қазақстан мен Орталық Азия ЖОО-ның 150-ге жуық өкілі қатысты. Дәстүрлі түрде семинарлар академиялық қызмет, ғылым және инновация, университетті басқару секциялары бойынша өткізілді. Қоса кету керек, 2016 жылдан бастап ҚазМЗУ-мен бірлесіп жыл сайын Қазақстанда жоғары білім берудегі академиялық алды-дық бойынша конференция да ұйымдастырылып келеді.

Назарбаев университетінде ғылымды, инновацияны және кәсіпкерлікті дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Жыл сайын НУ бизнес-инкубаторы Қазақстанның жас кәсіпкерлеріне стартап жобаларды дамытуға қолдау көрсетеді. Қазақстан Республикасындағы АҚШ елшілігімен бірге бизнес-акселератор Tech Central Asia акселерациялық бағдарламасын іске қосты. 2019 жылы осы бағдарлама аясында 11 ЖОО-ның 21 жобасы қаржыландырылды.


НУ түлектері қандай бәсекелестік артықшылықтарға ие дегенге тоқталсақ, ЖОО түлектерінің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік мәселесі бүгінде білім беру және мемлекеттік кадр саясаты саласындағы ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Бұл қазіргі әлемде өмірдің барлық салаларында қарқынды өзгерістер орын алуына байланысты, ЖОО ең алдымен түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға көбірек көңіл бөледі. Бұған тек олардың дамуы мен маман ретінде қалыптасуы ғана емес, сонымен қатар елдің болашағы да, ертең қалай болатынымыз да байланысты. Бүгінде тек мемлекеттердің ғана емес, сонымен қатар адам мен адамның бәсекелестігі жүріп жатыр. Мұнда ғылым мен білімнің мәртебесін көтеретін және артта қалмайтын креативті ұрпағы бар ел жеңеді. Жұмыс берушінің үміткерге қоятын талаптары жоғары болғандықтан, бүгінгі таңда оқу бітірушінің бәсекеге қабілеттілігі тек қана оның кәсіби біліктілігімен шектелмейді. Кәсіби білімімен қоса, коммуникативтік қабілеті жоғары болып, мақсатқа жетуге талпынысы, бейімділігі, дербестігі, белсенділігі, жылдам оқып үйренуі, шығармашылығы және сыни ойлау қабілеті, сондай-ақ үнемі өзін-өзі дамытуға ұмтылысы басым болуы тиіс. Сонымен қатар, түлектердің кәсіби біліктілігінен басқа, олардың ұжымда жұмыс істей білуі, өзінің достарына көмектесуі және қолдау көрсетуі, әлеуметтік жауапты болуы сияқты, адамдық жеке қасиеттерінің болуына зор мән берілетінін ескерген абзал. Бүгінде жоғары оқу орындарының міндеті – студенттерге жақсы білім беріп қана қоймай, сонымен қатар еңбек нарығында өсіп келе жатқан бәсекелестікке оның жылдам бейімделуіне жағдай жасау. Бұл бағытта былтыр оқу орны «Болашаққа дайын түлектер» атты форум өткізді. Осы тақырып аясында қызықты сессиялар сериясын дайындады.

Назарбаев университетінде 4 ғылыми орталық бар. Мұндағы ғалымдар көптеген салаларда зерттеу жүргізіп, инновация, талдау және ынтымақтастық арқылы адамдардың білімін кеңейтуге ұмтылады. 450-ден астам оқытушылар мен зерттеушілердің көмегімен, өзі құрылған сәттен бастап 5 жыл ішінде Назарбаев университеті Қазақстандағы жетекші зерттеу орталығына айналды. Әлемдік деңгейде білім бәсекесінде топ жарып жүрген университет студенттері аз емес. НУ студенттері командасының «жасыл» және таза технологиялар саласындағы халықаралық конкурстағы жеңісі де биылғы жылдың басты жаңалығы.

Айдана Төлешова мен Дулет Айтымбаев бастаған Назарбаев университеті студенттерінің командасы Амстердамдағы ClimateLaunchpad халықаралық байқауының гранд финалында Theme awards – Clean mobility номинациясында жеңіске жетті.



COVID КЕУЛЕП БАРАДЫ



» Әлемде COVID-19 індетін жұқтырғандар 10 миллионнан, осы аурудан қайтыс болғандар 500 мыңнан асты. Бақылық болғандардың төрттен бірі, яғни 125 мыңнан астамы АҚШ-та тіркелсе, Бразилияда 57 мың адам аталған вирустан көз жұмды. Эпидемияның алғашқы кезеңінде көптеген адам COVID-19 инфекциясының бар-жоғы анықтамай жатып қайтыс болғанын алға тартқан мамандар әлемде індеттен қайтыс болғандар саны ресми саннан әлдеқайда көп болуы мүмкін деген пікірде.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өткен аптаның соңында Еуропа мен Орталық Азияның 11 елінде коронавирус жұғу дерегі көбейді деп дабыл қақты. Бұл елдер тізімінде Қазақстан, Қырғызстан, Әзербайжан елдері де бар. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропа аймағы бюросының директоры Ханс К्लюгенің айтуынша, Қазақстанда дертті жұқтыру 2 есе артса, Қырғызстанда бұл көрсеткіш 1,5 есеге өскен. Бұдан бөлек, індетті жұқтыру дерегі Америка Құрама Штаттарында да артқан. Армения, Швеция, Молдова, Солтүстік Македония, Албания, Босния, Герцеговина, Украина және Косово елдерінде де вирусты жұқтырғандар саны күрт көбейген. Соңғы екі аптада індеттің таралуы қайта күшейген Германия мен Португалияда жағдай нашарлай түскен. Германияда 600 мың адам оқшауланып, бірқатар аймақта мектептер мен балабақшалар қайта жабылған.

Қазақстанда 28 маусым күні 1613 адамнан коронавирус анықталды. Мұның 547-сі симптомы бар науқас болса, қалған 1066 адамнан вирус табылғанымен, сырқат белгілері байқалмаған. Елімізге індет ілінгені вирус жұқтырғандардың жалпы саны – 37 966 («ауырғандар» және «тасымалдаушылар»-ды қоса есептегенде) адамға жетті. Оның 13 мыңға жуығы жазылып, 178-і қайтыс болды. Қайтыс болғандардың 35 пайызға

жуығы – Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары.

Түркия COVID-19-дың екінші толқыны «экономиканың», яғни экономикалық вирус түрінде келеді деп есептейді. Елдің мәдениет және туризм министрі Мехмет Нури Эрсой Германияның Түркияны «қауіпті ел» категориясына алуын осылай түсіндірді. Қазірге дейін бұл елде 200 мың адам індеттің ілмегіне ілініп, 5 мыңнан астамы осы сырқаттан көз жұмды. Алайда қауіпті індеттің беті қайтпаса да, осы айдың басынан бастап елде шектеу шаралары алынып тасталған болатын. Кәсіпорындар қалыпты жұмыс тәртібіне көшіп, қоғамдық тамақтану орындары қайта ашылды. Қалалар арасындағы қатынас та жанданды. Алыс-жақын шет елдерден саяхатшылар келіп, өз демалыстарын осында өткізуге кіріскен еді. Бірақ індеттің қайта асқынуы қалыпты тірлікті қайта тығырыққа тірейтіндей.

Халқы тығыз орналасқан Үндістанда жағдай қиындап барады. Бұл елде вирус жұқтырғандардың жалпы саны 530 мыңға жетіп, қайтыс болғандар саны 16 мыңнан асты. 27 маусымда бір тәулікте 18 500 адамнан коронавирус анықталып, рекордтық көрсеткіш тіркелді. 385 адам осы аурудан қайтыс болды.

Оңтүстік Кореяда да індет қайта күш алды. 28 маусым күні бұл елді коронавирус 62 адамнан анықталған. Эпидемия басталғалы 12

715 адамның коронавирусы жұқтырған. Оның 282-сі қайтыс болған.

Індет жұқтырғандардың саны жағынан үшінші орында тұрған Ресейде 635 мыңға жуық адамға COVID-19 вирусы ауыз салған. 9 073 науқас қайтыс болған. Ресейде де өлім жағдайы Қазақстандағы сияқты тіркеледі. Атап айтқанда, науқастың өліміне тек инфекция себеп болды деп шешілсе ғана ресми тізімге енгізіледі.

Иранда да індет ырық бермей тұр. Ақпан айында ең алғаш рет коронавирусты тіркеген Иран індеттің тарауын тоқтата алмай отыр. Бұл елде 220 180 адам вирус жұқтырып, 10 364 адам қайтыс болған. Жақында Иранның рухани көсемі Аятолла Әли Хаменеи «коронавирус індеті өрши берсе, ел экономикасы тығырыққа тіреледі» деп мәлімдеді.

Індетпен күрестегі жетістіктерін мақтан тұтатын Израильде де коронавирусты жұқтырғандардың саны өсіп кетті. Ал Қытай астанасы Бейжіңде соңғы кездері індет жұқтырғандар саны күн санап өсіп барады.

Әлемді жайлаған індетке қазірше ем табылған жоқ. Әр ел вирусқа қарсы дәрілерді пайдаланып емдом жасауда. Бірақ атың өшкір COVID-19-дың күдігі де көп болып тұр. Бастапқыда мамандар бұл тыныс алу жолдарына әсер етеді десе, кейін қан айналыс жүйесіне де әсер ететіні анықталды. 28 маусымда Рейтер агенттігі әлемге әйгілі Скриппс

ғылыми-зерттеу институтының директоры және кардиолог Эрик Тополтың: «Біз бұл жай ғана тыныс алу жолына ғана шабуыл жасайтын вирус деп қарамауымыз керек. Бұл вирус ұйқы безіне, жүрекке, бауырға, миға, бүйрекке және басқа органдарға шабуыл жасайтыны анықталды. Бұл біз басында елестетпеген нәрсе еді» деген сөзін жариялады. Ал кейбір мамандар осы мәселелерді шешуге біршама уақыт кетеді, індет жұқтырғандар толық қалпына келмеуі де мүмкін» деген пікірде.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, асқынған індетті жеңуге, халықаралық әріптестік шеңберінде дертке қарсы вакцина мен оны емдеу құрал-жабдықтарын дайындауға 31 миллиардтан астам доллар қажет. Оның бір бөлігі кедей елдерге диагностикалық тест пен емдеу құрал-жабдығын сатып алуға жұмсалмақ.

Ал вакцинаға келсек, оның да қазір ауылы алыста тұр. Қазір әлемде мамандар COVID-19 вирусына қарсы екенің ондаған түрін дайындап жатыр. Кейбірі клиникалық зерттеу барысында адамға салып, сынала бастады. Әйткенмен, екпе жасап шығару, оның қауіпсіздігі мен тиімділігін тексеру – ұзаққа созылатын процесс. Тіпті ең оптимистік болжам бойынша, ондай дәрі тек жыл соңына қарай дайын болуы мүмкін дейді мамандар. Бірақ вакцина дайын болған кезде күдігі көп коронавирус «қырық құбылып, типін өзгертіп шыға келмес пе» деген алаңдау да жоқ емес.



ЖАҒАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ



ҚЫТАЙ МЕН ҮНДИСТАН ӘЛІ ТРЕСІП ТҰР

Үндістан билігі Қытайдың Галван аңғарына қатысты жасаған мәлімдемесіне жауап қатып, «даулы жердегі кез келген шабуылға қарымта жауап қайтарылады» деп кесіп айтты.

Жуырда Қытай Халық Республикасы бұл аумақты өз елінің территориясы деп жариялап, «шекараны бұзғандарға әскери соққы жасалады» деп сес көрсеткен болатын. Бұл аңғарда 1962 жылы соғыстан кейін бекітілген шекара бар. Бейжің бұл территорияның бір бөлігін «біздікі» десе, Үндістан керісінше, «бізге тәуелді» деп, бөлісе алмай әлек. Шекарадағы әскерилердің жиі тартысып қалатыны да осыдан.



НІЛДІҢ СУЫН БӨЛІСЕ АЛМАУДА

Нілдің суы үшін Египет, Эфиопия және Судан елдерінің қатынасы нілдей бұзылуы мүмкін. Әлемдегі ең ұзын өзеннің суын үш мемлекет әлі бөлісе алмай келеді.

Бұған дейін бетпе-бет жүргізілген келіссөздер енді онлайн форматқа ауысып, бейнеконференция түрінде өтіп жатыр.

Су үшін ұзаққа созылған кикілжіңнің кесірінен Еуропаға мигранттар легі ағылды. Сарапшылар Мысыр мен Эфиопия арасында ашық әскери қақтығыстар басталуы мүмкін деген қауіп айтады. Аталған үш ел арасында Ніл үшін келіссөздер сонау 2012 жылы басталған. Әлі аяқталған жоқ.



СИРИЯДА АШТЫҚ ҚАУПІ БАР

БҰҰ-ның Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасының өкілдері Сирияға аштық қаупі төніп тұрғанын ескертті. Қазіргі кезде елдің 9 миллион 300 мың тұрғынының аузы асқа жарымай отыр. 9 жылға созылған жанжалдың кесірінен Сирия экономикасы құлдыраған.

Ал коронавирус пандемиясына байланысты қабылданған шектеулердің салдарынан азық-түлік бағасы екі есе қымбаттап кетті. Азық-түлік бағдарламасының қызметкерлері Сирияның барлық 14 аймағында 4 миллион 800 мың адамға көмек беруде. Алайда БҰҰ агенттігіне тамыз айына дейін 200 миллион доллар көлемінде қаражат бөлінбесе, ол бұл жәрдемін едәуір қысқартуға мәжбүр болады. Бетті дайындаған



Бетті дайындаған
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



ҮЙДЕ ОТЫРЫП ҚАЛАЙ ЕМДЕЛЕМІЗ?

» Пандемияның Қазақстандағы екінші толқыны халықты біраз әуре-сарсаңға салуда. 29 маусымдағы дерек бойынша елордада қауіпті инфекцияны жұқтырғандар саны – 3788, симптомты жоқтар – 1455 адам. 2721 науқас жазылып шықты, өкінішке қарай, 61 адам дерттен қайтыс болды. Ауруханада орын мен дәрігер жетпей, жедел жәрдем қызметіне күш түскесін медицина мамандары симптомты жоқ және аурудың жеңіл түріне шалдыққандарды үйде учаскелік емхана дәрігерінің қадағалауына беріп, тіпті науқастардың өздері де үй жағдайында емделуіне болатынын мәлімдеді.

Райхан РАХМЕТОВА

ҚОРҚЫНШТЫ БАСЫП, ҚАМ ЖАСАҢЫЗ...

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы Қоғамдық денсаулықты нығайту орталығының басшысы Жазира Ембердиева ұсынған үй жағдайындағы ем туралы кеңесіне қазір көп адамдар құлақ асып жатыр. Жалпы аурудың сесі иммунитетті нығайтса басылатынын бірден байқағандар алдын ала немесе ауру байқалғанда дереу әрекет етіп, жазылып болғанда кеңестерін елге жариялауда. Ал аталған орталық басшысының айтуынша, коронавирустың алғашқы белгілері байқалса, бірден қорқынышқа бой алдырудың қажеті жоқ. Үйден шықпай, отбасындағы өзге жандардан оқшауланып, жергілікті емханадағы дәрігерді хабардап ету керек. Дәрігер симптомдарды жазып алып, ауруды нақты ПТР әдісімен анықтау үшін мұрыннан және аңқадан алынған жағындыны COVID-19-ға тексеруге жібереді. Оқшаулау орнын да дәрігер белгілейді.

– Жалпы әлсіздік, тамақтың жыбырлауы, құрғақ жөтел, иіс, дәм сезбеу, дене қызуының 38-39 градусқа дейін және одан да жоғары көтерілуі, дененің қалтырап, бастың қатты ауыруы, бұлшық еттің ауыруы – аурудың ең жиі кездесетін белгілері. Кейде ас қорыту бұзылып, науқас құсып, іші өтуі мүмкін. Ал кейде 4-8 күнде кеуде қуысы ауырып, ол демікпеге ұласады. Тыныс алу қиындайды. Мұндай кезде учаскелік дәрігерді шақырып, жедел жәрдем қызметіне хабарласқан жөн. Вирустың симптомдары суық тиюге немесе тұмауға қарағанда, айтарлықтай ұзақ болады, – дейді Ж.Ембердиева.

СУДЫ КӨП ШУДІҢ КӨМЕГІ ЗОР

Адам ағзасының 70 пайызын құрайтын судың қазір коронавирустен емделу және оның алдын алуда пайдасы көп болып тұр. Былайғы уақытта да судың көп ауруға ем екені айтылады. Әрине, су қауіпті дертті бойыңыздан жұлып тастай алмайды, дегенмен ол ағзаны түрлі зиянды заттардан тазалап отыратындықтан, бұл вирустың да тамақтан әрі қарай өкпеге түсуіне кедергі келтіреді. Әлеуметтік желіде өз жағдайы туралы жазба қалдырған вирус жұқтырған азаматтардың айтуынша, оларға көп сұйықтық ішу – ауруға қарсы

жақсы ем екені жиі ескертілген.

– Коронавирус кәдімгі тұмау секілді басталады екен, кейін адамнан күш-қуат мүлдем кетеді, температура қосылады. Төртінші күні денемнің температурасы 39-ға барды, қиын болды. Бір рет жедел жәрдем келіп өкпемді тексерді, таза екен. Бұл инфекция қатты ауру болғанымен тұмау ғой, грипп, ЖРВИ. Соңдықтан ыстық шай көп ішіп, терлеп жату керек. Антибиотиктерді қабылдап жүрдім, алдымен сумамед, одан кейін амокцилав. Ауруханаға бармадым, бәрібір орын жоқ, дәрігерлер жетіспейді. Үйде жатып емделдім. Кардиомагнил деген дәріні іштім, – дейді науқастанып қалған әлеуметтік желі қолданушыларының бірі.

Равиля Егембердиева, С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ профессоры, медицина ғылымдарының кандидаты:

– Лимон, таңқурай қосылған шәй, жалпы жылы су көп ішу керек. Су ауруды жеңіл өткеріп, тезірек жазылуға көмектеседі. Ал кейбіреулер айтып жүргендей, спиртті ішімдік ішу емге жаппайды. Ас содасы қосылған бұға дем алу туралы да ақпарат шықты, бұл рас. Ол шырышты қабықты жұмсартып, науқас адамның дем алысын жақсартады.

Қарақат Әбілдина, әнші:

– Мына вирус мені де айналып өтпеді. Мұндай жағдайда адамға паника көмектеспейді. Бірден тамырдан витамин араластырып, аскорбин қышқылы мен глюкоза алып бастадым. Ингаляция жасап, тамақ-мұрынды шайып, сұйықтықты көп ішіп, сорпаланып жылы оранып жатыр-

мын. Ауырған адам бөлек бөлмеде болып, балаларға жақындамағаны дұрыс. Вирусқа қарсы анаферон, С витаминін ішкізіп, алдын алмаса болмайды. Бөлмені кварцтап, ауаны тазартып тұру да өте маңызды.

ТАМАҚТЫҢ ҚҰНАРЛЫЛЫҒЫ, ҰЙҚЫНЫҢ ҚАНЫҚТЫҒЫ МАҢЫЗДЫ

ЖРВИ кезіндегідей емес, бұл инфекцияның симптомдары 2 есе ұзақ уақыт бойына байқалуы мүмкін. Тағамның иісін және дәмін сезбеген науқастар дұрыс тамақтанбағанның кесірінен жағдайы нашарлап, суызданған және әлсіреген күйде ауруханаға түседі.

Сондықтан үйде дұрыс тамақтану керек. Негізінен, ботқа, қышқыл сүт өнімдері, балық, жеміс-жидек және көкөніс сияқты жеңіл қорытылатын калориялы тағам тұтыну қажет. Әсіресе, балық, жаңғақ пен зәйтүн майындағы омега-3 маңызды. Олар қабынуға қарсы тұруға көмектеседі. Иммунитетті күшейтеді. Дене белсенділігін шектеп, ұйқыны жақсылап қандырудың да маңызы зор.

Гүлжазира Берікқызы, журналист:

– Итмұрын С витаминіне өте бай, лимоннан 50 есе көп. Бұл жидекті қайнаған суға бұқтырып қойып іше беріңіз. Бұрқыратып қайнатсаңыз, витамині азаяды. 1 литрге 10/15 дана жетеді, не шәй шығаратын құманға 3/5 салып жіберіңіз. Пайдасы ұшан-теңіз, әсіресе, тұмауды емдеуде. Тек асқазаны ауыратындар гастрит, панкреатиті барлар абайласын. Өйткені аскорбин қышқылы бар құрамында. Тістің эмаліне де



кері әсері бар. Соңдықтан итмұрын компотын ішкен соң таза жылы су ішіп жіберіңіз. Жоғары қан қысымы барлар да көп ішпесін. Қант қоспай демдеген дұрыс. Одан бөлек Р, РР, калий, магний, т.б. витаминдер жетеді.

– Жазира Ембердиева, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының басшысы:

– Күніне екі рет дене қызуын, тамыр соғысын, тыныс алу жиілігін, қан қысымын және зәр бөлу жиілігін тексеріңіз. Емхана дәрігерімен үнемі хабарласып тұрыңыз. Егер ауыр дем алсаңыз, ішіңізбен жатқаныңыз абзал. Іш қуысындағылардың диафрагманы қыспауы және өкпенің ауамен, қанмен қанығуына кедергі келтірмеуі үшін кеуде қуысыңызға және жамбасыңызға жастықша төсеңіз. Бұл тыныс алуды жеңілдетіп, кеуде қуысыңыздың ауыруын аздап басады.

ДӘРІХАНАЛАР АЛДЫ ҰЗЫН-СОНАР КЕЗЕК

Өзін-өзі емдеуге көшкен халық науқасы бар, аурудың алдын алуды ойлағаны бар ең қажетті деген дәрілерді іздеп, жаппай қаланың дәріханаларын «жаулап алуда». Сондай дәріханалардың бірінің иесі Ерболат Серікұлының айтуынша, қазір халық іздеген дәрі-дәрмектер көтерме дәрі сататын қоймалардан табылмай тұр. «Қоймада жоқ болса, біз қайдан ала-



мыз? Ал оларға неге түспей жатқанын білмедім» дейді ол. Ал осы аптада байқағанымыз, елордада бірде-бір дәріхана телефон соқсаң алмайтын болған. Яғни, дәрі іздеп мазаны алатын қонырлар телефондарын өшіріп тастаған. Алматы ауданындағы «Алифарма» дәріханасының алдында ұзын-сонар кезекте тұрған тұрғындармен тілдескен едік. Көп қабатты үйдің артқы жағындағы дәріхана алдында 50 шақты адам кезекте тұр. Жеңіл көліктер жолдың жартысын жапқан. Бәрі маска таққан, барынша арақашықтық сақтауға тырысып тұрғандары байқалады. Қаланың басқа жерінде табылмай жатқан бірқатар дәрілер осында бар екенін тұрғындар телеграмм боттар мен сайттар арқылы біліп кеп тұр. Көбінің іздегені – тұмау мен вирусқа қарсы антибиотиктер.

– Леволет деген дәрі іздеп келдім. Басқа жақта жоқ. – Вирусқа қарсы ингавирин деген дәрі алуға келдім, үйде ата-анам инфекция жұқтырып ауырып жатыр. – Сумамед, аспирин, цефазолин, парацетамол алуға келдім. Тек осында бар екен. Тіпті Гипократта жоқ. Таңыстарым осында бар дегесін келдім. Келгеніме 45 минут болды. Әр адам 10-15 минуттан кіріп шығып жатыр. Ешкім ауырып жатқан жоқ. Тек өзім үшін алдын алу мақсатында сатып алмақпын. Жұрттар жәшіктеп алып жатыр дейді. Олай болмайды ғой, өзім аз ғана алсам болды. – Ингавирин, азитромицин деген дәрі іздеп келдім, анам вирус симптомдары бар сияқты, қызуы көтеріліп ауырып жатыр. Өзі дәрігер болғасын осы дәрілерді алып келуге жұмсады. Басқа дәріханаларда дәрілер келесі апталарда болады деп айтты.

Үй қобдишасында болуы керек дәрілер

Үйінде карантинде жатқан науқастар дәрігермен келіскен жағдайда мына дәрілерді қабылдауына болады:

1. Парацетамол, аспирин, нимесулид табл. - температураны түсіру үшін;
2. Ингавирин 90 мг күніне 1 капсула – 5 күн;
3. Тамифлю 75 мг-нан күніне 2 рет, 5 күн;
4. АЦЦ 600мг-нан күніне 2 рет, 5 күн;
5. Тамақты фурацилин ерітіндісімен күніне 4-5 рет шаю.

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №75 (4044) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Contains rows 12037-12107.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Contains rows 12108-12179.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Contains rows 12184-12252.



Table with columns: ID, Name, Surname, Date, Status. Rows 12253-12329.

Table with columns: ID, Name, Surname, Date, Status. Rows 12330-12412.

Table with columns: ID, Name, Surname, Date, Status. Rows 12413-12475.

(Жалғасы бар)

«Астанинская ЭнергоСбытовая Компания» ЖШС, БСН 070740004624, жарғылық капиталдың 434 331 373,74 теңгеден 69 058 450,2 теңгеге дейін төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Байқоңыр ауданы, Иманов к-сі, 11, «Нұрсәулет» БО мекенжайы бойынша қабылданады.

Нұр-Сұлтан қаласының Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстан халқы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Шакир Хусаинович Хахазовқа әкесі Хусаин Рамазанович Хахазовтың қайтыс болуына байланысты көңіл айтады.

Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының ұжымы Зарапова Әйгерім Тілесқұлқызына орны толмас ауыр қаза – әкесі Тілесқұл Зубайраевич Бакировтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

«АБАЙ» ЖӘНЕ «ӘЛ-ФАРАБИ» ТЕЛЕАРНАСЫ АШЫЛАДЫ

» Биыл елімізде «Абай ТВ» және «әл-Фараби» атты екі жаңа телеарна ашылады. Аталған қос телеарна ұлт мәдениетінің байлығы мен мұрасын жарқыратып көрсететін жаңа білім беру - ағартушылық телевизиялық жоба саналып отыр. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде онлайн режимде өткен халыққа есеп беру кездесуінде Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева айтты.



«Министрлік тарапынан отандық ақпарат кеңістігінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен дамыту бойынша дәйекті жұмыс жүргізілуде. Қазіргі кезде Қазақстанда жаңа екі, яғни «Абай ТВ», «әл-Фараби» телеарналарын ашу мәселесі қарастырылып жатыр» деді министр өз сөзінде.

Ақпарат және қоғамдық даму министрінің айтуы бойынша «Қазақстан» ұлттық ар-

насы құрамына кірген «Абай ТВ» телеарнасы бүгін өз жұмысын бастайды. Ол отандық руханият пен мәдениетті жан-жақты насихаттайды. Ал «әл-Фараби» телеарнасы «Хабар» телеарнасының базасында жаңа оқу жылының қарсаңында көрсетіледі. Бұл телеарна 6-18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге арналған оқу-ағарту телевизиялық бірегей жоба болмақ.

Адамға байланысты тұрақты тіркестер

Бақ қонады, ұшады.
Қасиет жұғады.
Өнер дариды.
Ырыс артады, ауады.
Құдай қалайды.
Пайғамбар қолдайды.
Қырық шілтен сүйейді.
Періште демейді.
Әруақ жебейді, қарғайды, соғады.
Әруаққа, пірге сыйынады.
Мәртебе көтеріледі.
Абырой артады.
Шен өседі.
Береке кіреді, қашады.
Ар ұялады.
Бет жыртылады.
Жан қорқады, күйеді.
Көңіл құлазиды, сергиді, ортаяды.
Сана сарғаяды.
Сезім сағынады.
Құмар қанады.
Жүрек лүпілдейді.

Тамыр соғады.
Зәре ұшады. (қорқу мағынасында)
Жан иесі қартаяды.
Адам жүдейді.
Адам тояды.
Науқас сауығады.
Ауру айығады.
Жара жазылады.
Сынық бітеді.
Білімді тоқиды.
Үлгіні алады.
Баланы уатады.
Үлкенді жұбатады.
Ашуды басады.
Күлкіні тияды.
Сөзді доғарады, тоқтатады.
Мысқыл, сықақ түйрейді.
Әзіл іледі,
Қалжың қағытады.

(Этнограф-жазушы
Сейіт Кенжеахметұлының
мұрасынан)

Бетті дайындаған
Азамат ЕСЕНЖОЛ

МАЙДАНГЕР ТУЫСТАРЫНА ҚЫМБАТ МҰРА

» Қазақстан Қарулы Күштерінің Әскери тарих мұражайы 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде қаза болған, хабар-ошарсыз кеткен қазақстандықтардың туыстарына жеке естелік сертификатын табыс етті.



Сертификаттар іздестіру-мұрағаттық жұмыс қорытындысы, мұражайдың іздестіру бөлімшесінің мекенжайына келіп түскен іздестіру бойынша өтініштеріне сәйкес дайындалды. Сертификатта жауынгерлердің алғаш жерленген жерлері дәл көрсетілген.

«Бүгін біз үшін еркін өмірді қорғаған мыңдаған жауынгерлердің батылдығы мен ерлігінің арқасында бейбіт аспан астында өмір сүріп, бәріміздің ортақ Отанымыздың тәуелсіздік жетістіктерінен қуанатын мүмкіндігіміз бар. Фашизм мен жауыздық нацистік идеологияны жеңудегі Ұлы Жеңіске қазақстандықтардың да қосқан үлесі зор» деп атап өтті идея авторы, Әскери-тарихи мұражайының бастығы, PhD докторы

подполковник Нұртаза Әсілов.

Сертификаттарды тапсырудың мақсаты – қазақстандық жауынгерлердің есімдері мәңгілікке сақтау, туыстарының жерленген жері туралы ақпарат алу. Батырлардың жерленген жерлері кең ауқымды, Батыс Еуропадан бастап Ресей Федерациясының Қиыр Шығысына дейін.

Естелік сертификаттары табыстау – іздестіру қызметі аясында Қарулы Күштердің Әскери тарихи мұражайымен іске асырылған алғашқы жоба емес. Биылғы ақпан айында құрылған «Ер есімі – ел есінде» атты фотогалерея мен мультимедиялық кешені де қазақстандықтардың назарына ие болды.



«ТОМИРИС» ӘЛЕМДІ АРАЛАЙДЫ

» Талантты режиссер Ақан Сатаевтың ұлы дала ханшайымы туралы кинотуындысының халықаралық құқықтық дистрибьюторы Arclight Films компаниясы Каннда өткен Marché Du Film кинонарығында жасалған келісім шарты туралы жариялады.

Келісімнің нәтижесінде отандық фильмді көрсету құқығын Италия үшін Blue Swan, Франция үшін SND Films, Испаниядан Art Mood, Жапониядан AT Entertainment, Таяу Шығыстан Gulf Film, Оңтүстік Кореядан Challan, ТМД елдері үшін Paradise/MGN, Сингапурдан Shaw, Румыниядан Program 4 Media және Түркия үшін Siyah Bayez Movies компаниясы көрсету құқығын сатып алған.

Өткен жолы оқырманға «Томирис» Arclight компаниясы АҚШ-та көрсету құқығы бойынша Well Go USA компаниясы сатып алғаны туралы хабардар еткенбіз.

Міне, осылай жолы сәтті басталған тарихи туынды ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен «Қазақфильм» киностудиясында Satafilm компаниясының қатысуымен түсірілген.